Álıhan Bókeıhan: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

# AQTOǴAI AJARY

1938 жылдың 15 тамызынан
бастап шығады

Aqtoǵaı aýdandyq qoǵamdyq-saıası basylym

«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

www.facebook.com/a.ajary.kz

**№ 3** (7988) 17 қаңтар, Жұма 2025 жыл

aktogai_red@mail.ru

** Пікір*

## Сенім мен үміттің бастауы

Сенім мен үміттің бастауы «Ana tili» басылымында жарық көрген Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың сұхбатын мұқият оқып шықтым. Макалада жұртшылықты толғандырып жүрген көптеген проблеманың ортаға салынып, экономикалық, әлеуметтік маңызды жайттар мен әлі де шешімін табуға тиіс өткір мәселелердің қозғалуы көкейіміздегі көп сауалдың нақты жауабы сынды әсер қалдырды. Мемлекет басшысы тілші тарапынан қойылған сұраққа жан-жақты жауап беріп, ел дамуына байланысы қолға алынып жатқан ауқымды жоспарлармен бөлісті. Мемлекет басшысы өз сөзінде еліміздің экономикалық әлеуетін, егемендігін және халықаралық ұстанымын нығайту басты мақсаты екенін ұдайы айтып келеді. Осы орайда мен оның тікелей қолдауымен дүниеге келген «Таза Қазақстан» бастамасының бүгінде баламасы жоқ және қоғам тарапынан кең қолдауға ие дер едім. Табиғатқа сүйіспеншілік, өз ауылын абаттандыруға деген ниет пен құлшыныс, тазалық пен ұқыптылық өмірдің жоғары сапасын қамтамасыз ете алатыны рас. Бұл бағыттағы тынымсыз жүргізілген іс-тер жас ұрпақты ұлттық менталитет пен қоршаған ортаға деген жауапкершілік сезімін қалыптастыратыны сөзсіз. Президенттің бастамасы аясында халық оң өзгерістерді сезінді, көшелер әлдеқайда таза және тұрғындары талғампаздыққа дағдылана бастады. Президент сондай-ақ қоғамда түрлі пікірталас тудырған бір уақыт белдеуіне көшу туралы өз пікірін білдіріпті. Мемлекет басшысы уақыт белдеуі өзгеруінің азаматтардың өміріне және ел экономикасына әсерін жан-жақты зерттегеннен кейін салмақты шешім қабылданатынын атап өтті. Жақында лингвист ғалымдар тобы Барселона қаласында өткен Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысты, баяндама жасады. Ол елде де қараңғы ерте түскенмен таңертең күннің көзі ерекше жарқырап тұрғанына назар аудардық. Біз мұны халықаралық тәжірибеге енгізуге болатындай жаңалық деп қабылдадық, яғни ерте жатсаң, ерте тұрасың деген сөз ғойТағы бір назар аудартатын жайт, Қаңтар оқиғасына қатысты өткір сұрақ қойылған екен. Президент бассыздықтардың басты себебі әлеуметтік әділетсіздік, саяси тоқырау болды деп санайды. Жалған, неше түрлі қауесет әңгіме тудырушылардың мемлекеттігімізге қатер төнген сәтті ұмыттыру үшін әрекет жасауына жол бермеуіміз керектігін еске салады. «Мемлекеттік құрылыстың негізгі қағидаты», «жетілген демократияның іргетасы» болып саналатын «Заң және тәртіп» қағидатын қамтамасыз етудің маңызы туралы айтып, онсыз әділетті Қазақстан құру және бұл қағиданы халық менталитеті мен қоғамдық өмірдің ажырамас бөлігіне айналдыру мүмкін еместігіне тоқталып өтті. Мемлекет басшысымен болған сұхбаттағы көпшілікті бейжай қалдырмайтын келесі бір сұрақ қазақ тілі төңірегіндегі әңгімеге ойысты. Ана тіліміздің қазіргі жағдайы мен келешектегі рөлі туралы ортаға салынған ойлардан көп тағылым түюге болады. «Ана тіліміздің болашағы жарқын екеніне менің еш күмәнім жоқ. Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде халқымызды ұйыстыру жолында маңызды рөл атқара береді», деді Президент.

**Қ.Амралина,**
**К.Байсейтова атындағы тірек мектебі ресурстық орталығы КММ-нің директоры.**

## Жоспар айқын, салмақты ойлар сарапталды

Тегінде Мемлекет басшысының жыл басы немесе тағы басқа жаңа оқиғалар, кезеңдер тұсында халыққа қаратып арнау сөз жариялауы тұрақты жағдай дегенімізбен, оның қандай құрал арқылы жеткізілуі де дәл осы жолы ерекше маңызға ие болып тұр. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы «Ana tili» газетіне берген сұхбатында өзінің кең ауқымды, мазмұнды әң-гімесін: «Бұл сұхбатты елге терең ой салу және биылғы жұмысымызға тың серпін беру үшін отандастарыма жолдаған арнайы үндеуім деуге болады», деп аяқтағаны әрбіріміздің санамызға ой салары да хақ. Мемлекет басшысы өз сұхатында көптеген маңызды мәселені жинақтай отырып, көптің көңілінде, күнделікті тұрмысымызда, көз алдымызда өтіп жатқан бірталай жағдайға тоқталды. Таяу, болашақ стратегиялық міндеттер айшықталды. Осыған байланысты сұхбаттың ерекшеліктеріне тоқталсам. Кейінгі жылдардың жасампаздығы қорытылып, қандай табиғи апат, әлемдік дағдарыс сұрапылына төтеп беруге қабілетті мемлекет болғанымызға халықтың көзі жетіп, сенімі артып келе жатқаны көңіл көншітеді. Екіншіден еткенімізге тоқмейілсу жоқ. Президент сөзімен айтсақ, «реформа – ұдайы жүретін үдеріс. Қоғамда нақты сұраныс болса – жаңа реформалар әзірленеді. Реформалар елді өркендету ісінің ажырамас бөлігі болған, бола да береді».Мемлекет басшысы меңзеген бастаманың бір «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы дер едім. Ол бұл идея ұлттық идеологиямыздың аса маңызды бөлігіне айналуға тиіс екенін тағы да қайталап айтты. Бұл әр адамның санасына сәуле түсіретін сөздер. Тазалық пенденің жарық дүние есігін ашқанынан басталады. Қысқасы, тазалықсыз өмір жоқ. Қазір осы акция барысында мыңдаған жас, ерікті қоршаған ортаны қоқыстан тазартып, игі бастамаға қолдау көрсетіп жүргені қуантады. Адамдардың жауапсыздығынан емес пе? Ластық – надандықтың көрінісі. Ащы айтылса да шындығы–сол. Яғни тәрбие мәселесін жолға қойып, тұрмысымыздың өмір салтына, әдет-ғұрпымызға айналдыруымыз керек.Тазалықты сақтау – ешкімнен ешқандай қаржы талап етпейді. Әр адамның санасын, қоршаған ортаға, аулаға, көшеге, жолға, жұмыс орнына, далаға, орманға, тауға, суға жауапкершілігін оятуға міндеттіміз. Осыған бүкіл халық болып жұмылуымыз – өзіміздің ел екенімізді, таза қоғам, таза мемлекет екенімізді көрсетеді. Әрине, осы рухани жұмыстарды ұйымдастрып, оны өмір салтымызға айналдыруға ел болып атсалысуымыз керек. Экологиялық, қоршаған орта тазалығына байланысты заң талаптарын, әкімшілік, құқық шараларын күшейтуіміз керек.

**Шыңғыс Елеген,**
**Аудандық жастар ресурстық орталығының басшысы.**

** Халық үніне құлақ асатын мемлекет*

## Спорт кешені ел игілігіне табысталды

Халқымыз денсаулықтың қадірін жете түсініп, оны басты байлыққа балаған. Осы қағиданы берік ұстаған мемлекетіміз халқының ойы сергек, дені сау болуы үшін қолда бар мүмкіндікті жасауда. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың "Ауыл – ел бесігі" бағдарламасы аясында Сарышаған кентінде салауатты өмір салтын ұстануға ықпал ететін спорт кешенінің жұмысы толықтай аяқталып, салтанатты түрде ашылып, ел игілігіне табысталды.

Мемлекеттік Әнұран орындалды. Жиналған көпшілік алдында аудан әкімі А.Аманжолов сөз алып: –Құрметті жерлестер бүгін




өздеріңіз көптен күткен денешынықтыру және спорт кешенінің ашылу сәтіне жиналып тұрмыз, бұл кешен мемлекеттік «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында пайдалануға беріліп отыр. Мемлекет басшысы бұқаралық спортты дамытуға зор көңіл бөледі және әрқашан қолдайды. Кешеннің заманауи мүмкіндіктері үлкен. Бір уақытта 150 адамды қабылдай алады. Спорт кешенінің барлық залдары спорт секцияларымен айналысу үшін қажетті құрал-жабдықтармен және жаңа жиһазбен жабдықталған. Енді кент жастарының, сондай-ақ барлық тілек білдірушілердің сүйікті спорт түрлерімен айналысып, салауатты өмір салтын ұстана алатыны бізді қуантады. Спорт кешеніміз құтты, аспанымыз ашық болсын, Сарышағанымыздан спорт саңлақтары шыға берсін, – деп шын жүректен тілегін білдірді. Ресми шараға арнайы келген «Ақтоғай ауданының құрметті азаматы», самбо күресінен әлем чемпионы Руслан Айтыкенұлы сөз алып: – Құрметті жерлестер, мереке құтты болсын. «Спорт денсаулық кепілі» екенін ескеретін болсақ, осы заманауи спорт кешенінен небір елдің туын биікке көтеретін саңлақ спортшылар шығуына тілектеспіз. Бүгінгі таңның өзінде Сарышаған кентінен бірнеше Олимпиада және Әлем чемпионына үміткерлер шығып жатыр.Енді Әнұранымыздың әлем елдерінде шырқалатынынан үміттіміз. Құттықтау сөзге спорт ардагері, спорт жанашыры Болат Бекмурзинович және қауымдастық мүшесі Рустем Киргизбаевич және кереметтей нысанды кентімізге салып берген мердігер азамат Олжас Шералиевичтерге беріліп, тілектерін айтты. Спорт кешенінің ресми тұсауы кесіліп, ән ойнап-күй күмбірледі. Ақ жаулықты аналарымыз шашу шашып, спорт ардагері Болат Төлеубеков мырза бата берді. Көпшілік жаңа кешеннің ішін аралап танысты. Келесі кезекте Сарышаған кентінен шыққан, еліміздің туын әлемдік аренада көкке көтеріп жүрген кентіміздің палуандарының жеткен жетістіктері көпшілік назарына ұсынылды. Жаңа ғимаратта командалар арасындағы футбол матчынан жарыс өтті.

**Айбын Жаманхан,**
**Сарышаған кенті.**













# Жастар ауылға – тыңнан түрен салмақ

«Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы аясында ауылға келген жастардың қатары жыл санап артып келеді. Өйткені, мемлекет тарапынан ауылға барып жұмыс істеуге және тұруға ниет білдірген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну шаралары қарастырылған. Бұл жоба жұмыс іздеген жастарға да, ауылдық жердегі кадр тапшылығын жоюда да тиімді болды.

Расында да, «Дипломмен ауылға» жобасы бүгінге дейін, яғни он бес жылға жуық уақыт ішінде аудан бойынша 454 маманды жұмыспен қамтамасыз етті. Ауданға келген жас мамандардың 64,3 пайызы білім беру, 17 пайызы денсаулық сақтау, 2,9 пайызы әлеуметтік қамсыздандыру, 5 пайызы мәдениет, 3,1 пайызы спорт, 1,5 пайызы мемлекеттік қызметшілер, 6,2 пайызы ветеринария саласында, осының ішінде 239 маман тұрғын үй сатып алу үшін бюджеттік кредит алды.




Бағдарлама бойынша елді мекендерге жұмысқа орналасқан әрбір жас маманға қажеттілігіне қарай тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдау арқылы аудан орталығына 2500, ауылдық округтерге 2000 еселік айлық есептік көрсеткіш деңгейінде 15 жыл мерзімге 0,01 пайыздық мөлшерде бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау көрсетілсе, 100 еселік айлық есептік көрсеткішке тең мөлшерде көтерме жәрдемақы төленеді. 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап 1 айлық есептік көрсеткіш 3932 теңгені құрайды.

Нәтижесінде 15 жылға жуық мерзімде «Дипломмен ауылға!» жобасына қатысушы мамандар 85 млн. 793 мың теңге көлемінде жәрдемақы алса, республика бюджетінен 737 млн. 912 мың теңгеден астам қаржы тұрғын үй сатып алу үшін жұмсалды. Осынша қаржыны қолға алған жас маманға артылатын міндет – ауылдың өркендеуіне үлес қосу және сапалы қызмет жасау. Көрсетілген көмектерге қол жеткізген жас маман бағдарламаның шарты бо-йынша жұмыс орыны орналасқан елді мекенде 3 жыл мерзім қызмет істеуге міндеттеме қабылдайды және әр тоқсан сайын жұмыс орнынан тиісті жұмысшы орынға анықтама өткізіп тұруға міндетті.

«Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Ереже Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы № 72 бұйрығымен бекітілген Ережеге сәйкес, Келісімдегі тараптардың құқықтары мен міндеттемелері орындалмаған жағдайда, (3 жылдан мерзім өтпеген жағдайда) маман әлеуметтік қолдау шаралары ретінде берілген бюджет қаражатын толық көлемде қайтаруды қамтамасыз етуге міндетті. Осы уақыт аралығында сатып алынған үйдің кепілде тұратынын да естен шығармау қажет.

Әлеуметтік қолдау шараларын алу үшін маман «Отбасы Банк» порталы арқылы, электрондық форматта мынадай құжаттарды ұсынады:

1) көтерме жәрдемақы алған кезде:

Ережеде көрсетілген 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);

білімі туралы дипломының көшірмесі;

жұмыс орынының кадр қызметі растаған маманның еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

2) тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит алған кезде:

Ережеде көрсетілген 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);

білімі туралы дипломының көшірмесі;

жұмыс орынының кадр қызметі растаған маманның еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

сәйкестендіру үшін неке қиюды (ерлі-зайып-тылықты) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (некеде тұрған мамандар үшін);

Кредиттік бюродан есеп.

«Дипломмен ауылға» бағдарламасы арқылы әлеуметтік көмек алған мамандар бекітілген Қағидаға сәйкес 3 жыл ауылдық елді мекендерде жұмыс жасауға келісімге отырады. Келісім талаптары сақталмаған жағдайда алған әлеуметтік көмектерді толығымен қайтаруға міндетті. Қайтармаған жағдайда сот органдарына жолданады, құжаттары сотқа жолданып, сот орындаушылары арқылы өндіріледі. Сонымен қатар, алған бюджеттік кредитті төлем кестесіне сәйкес уақытында төлеп отыруға міндетті, уақытында төленбей берешек қалыптасса заңға сәйкес сот органдары арқылы өндіруге жолданады.

Алайда, тұрғын үй сатып алуға бюджеттік несие алған мамандардың ішінде несиелерін төлемей отырған мамандар да бар. Қорыта айтқанда, «Дипломмен ауылға» бағдарламасы мемлекеттің жас мамандарға беріп отырған үлкен мүмкіндігі.

Ауыл өркендесе, еліміз көркейеді. Бүгінгі ауылда қызмет етіп жүрген жас маман, ертең билік басында отыратын басшы. Ол қабылданған шешімнің қалалық жерде қалай, ауылдық жерде қалай жүзеге асатынын білуі керек. «Көзімен көріп, қолымен ұстап білген» маманды ғана тәжірибелі маман деп атауға болады. Ендеше «Дипломмен ауылға» жобасы кадр біліктілігіне қатысты көзге көріне бермейтін, бірақ маңызы зор мәселелердің шешімін табуға ықпал ететіні сөзсіз.

**Ақтоғай аудандық экономика және қаржы бөлімі.**

** Еңбек адамы*

# Еңселі елдікке еңбекпен жеткен азамат



Өткен 2024 жылы Қазақстанда жергілікті өкілді органдар – мәслихаттардың құрылғанына 30 жыл толды. Осы жылдар барысында мәслихаттар халық сайлайтын және билік орындарында халықтың мүдделерін білдіретін беделді органдарға айналды. Өз тарихының 30 жылында Ақтоғай аудандық мәслихаты да ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі мәселелерін шешуге қомақты үлес қосты. Оның барлығы осы 30 жыл ішінде сайланған әр шақырылымның депутаттық корпустарының және олардың жұмысын ұтымды үйлестіре білген өкілді органның бірінші басшыларының еңбектері екені белгілі. Олардың әрқайсысының біздің ауданның дамуына қосқан үлесі өте маңызды. Бүгінгі мақаламыздың басты кейіпкері, халық арасында биік беделге ие болған, 2003-2016 жылдар аралығында үш шақырылымда аудандық мәслихаттың хатшысы қызметін атқарған Оңғарқұлов Мирхаят Оңғарқұлұлы туралы болмақ.

Оңғарқұлов Мирхаят Оңғарқұлұлы 1959 жылы 13 маусымда Ақтоғай ауданының Нүркен ауылында дүниеге келген. Алғашқы еңбек жолын 1981 жылы Целиноград ауылшаруашылығы институтын инженер-механик мамандығы бойынша бітіргеннен кейін Ақтоғай аудандық ауылшаруашылығы басқармасында бас инженер-инспектор болып бастаған. 1985-1990 жылдар аралығында Қазақстан ЛКЖО Ақтоғай аудандық комитетінің екінші, бірінші хатшысы болып қызмет етіп, шыңдалу мектебінен өтсе, 1990-1991 жылдары Алматы саясаттану және басқару институтының тыңдаушысы болып, саясаттанушы біліктілігін алған. 1991-1997 жылдар аралығында Ақтоғай ауданында Жәмші кеңшары кәсіподақ комитетінің төрағасы, Халық депутаттары аудандық Кеңес аппаратының жетекшісі, аудандық ауылшаруашылығы басқармасының бөлім бастығы, «Мерей» шағын кәсіпорнының директоры қызметтерін атқарып, еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі қиын кезеңінде ауданның өсіп-өркендеуіне бел шеше кірісіп, өзінің терең білімімен, іскерлік тәжірибиесімен өңір экономикасының дамуына, әлеуметтік жағдайының көтерілуіне атсалысып, өз үлесін қосты. 1997-2003 жылдары аудан әкімі аппараты ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің бас маманы, ұйымдастыру және кадрлық жұмыстар бөлімінің басшысы, аудандық еңбек және халыққа әлеуметтік көмек көрсету бөлімінің меңгерушісі лауазымдарында өзінің біліктілігін, жоғары іскерлік қабылетін көрсете білді. Соның нәтижесінде 2003 жылы аудандық мәслихаттың үшінші шақырылымының депутаты болып сайланып, мәслихат хатшысы лауазымына сайлануына сенім білдірілді.



Осы сайлаудан кейін де, парасат пайымы биік, бір сөзді, көңілге түйгені көп, қайсар мінезді Мирхаят Оңғарқұлұлы халықтың сеніміне ие болып, төртінші, бесінші шақырылымдарда мәслихат хатшысы лауазымын абыроймен атқарып, аудандағы көптеген өзекті мәселелердің оң шешіліне ықпал етті.

Қатарынан үш шақырылымда депутаттар сенімімен мәслихат хатшысы болып сайлану – үлкен абырой, зор жауапкершілік екені сөзсіз. Халықтың аманатына адал болу, елдің ертеңі үшін аянбай еңбек ету – Мирхаят Оңғарқұлының өмірлік мұраты, азаматтық ұстанымы.

Осы жылдарда аудандық мәслихат, биліктің үш тармағының бірі ретінде елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен қоғамдық-саяси өмірінің артуына белсене араласып, атсалысты. Өңірдің көкейтесті әлеуметтік мәселелері оң шешімін тауып, елді-мекендердегі тұрғылықты халықты таза сумен қамтамасыз ету жүзеге асырылып, автокөлік жолдарын жөндеу, көше жарықтарын орнату, әлеуметтік нысандарды жөндеу сияқты т.б. жарқын жобалар іске қосылды. Мәслихат сессиясында қаралатын кейбір мәселелер бойынша қоғамдық пікірді зерттеу мақсатында сауалнамалар жүргізілді. Аудандық бюджеттен бөлінген қаржылардың мақсатты және тиісті заңдылықтарға сай жұмсалуына, коммуналдық меншік нысандарының иесіздікке ұшырамауына, бақылау-тексеру жұмыстарын жүргізуге бастамашы болды. Игілікті шаралардың жүзеге асуында депутаттық корпустың, оның ішінде туған елінің патриоты, жақсылықтың жанашыры Мирхаят Оңғарқұлұлының да азаматтық қолтаңбалары бар. Олардың негізгілерін атап айтатын болсақ депутаттардың бастамашылығымен «Жастарға имандылық, адамгершілік тәрбие берудегі, мұсылмандық, ұлттық ерекшеліктерге негізделген салт-дәстүрлерді сақтап, насихаттаудағы міндеттер туралы» өткізілген көпшілік тыңдау аудан тұрғындарына ерекше ой салып, қоғамдық қозғалыс тудырды. Осы көпшілік тыңдаудан кейін Ақтоғай ауылының екі жағындағы зираттарды қоршауға қаржы бөлініп, қоршалды. Аудандық мәслихаттың кезекті сессиясында «Мәдени мұра» бағдарламасының аудан көлемінде орындалысы туралы мәселені қарау нәтижесінде Алаш ардақтылары Ә.Бөкейхановтың, Ә.Ермековтың, Ж.Ақбайдың туған жерлеріне белгі тастар қойылды. Жосалы мөлтек ауданындағы ауыз су ұңғымасы жөнделіп, іске қосылды. Имек елді мекенінің электр беру желісінің құрылысына, Нүркен ауылының ауыз су жүйесінің құрылысына және облыстық маңыздағы Ақтоғай-Нүркен-Алматы автомобиль жолының 30 шақырымына орташа жөндеуге қаржы қаратуда да Мирхаят Оңғарқұлының зор ықпалы болды. Торанғалық ауылының жазғы суару жүйесін жөндеуге, иесіз қалған үйлердің құжаттарын жасатып, тіркетуге және клубтың ғимаратын сатып алуға қаржылардың бөлінуіне тікелей атсалысты. Бұл аталған жұмыстар Мирхаят Оңғарқұлұлының атқарған істерінің бір парасы ғана. Мирхаят ағамыздың сол жылдары маслихат жанынан құрылған тексеру комиссияларының белсенді жұмыс жасауына жасаған ықпалы жеке бір тақырып.

Сонымен қатар депутаттық корпустардың жұмысын материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етіп, кезекті сессиялардың, тұрақты комиссиялардың отырыстарын жоғарғы деңгейде өткізуді ұйымдастырып және депутаттарды қажетті ақпарат, анықтамалармен қамтып отырған, Мирхаят Оңғарқұлұлы басшылық жасаған мәслихат аппаратының жұмысын да айтып өткен орынды. 2005 жылы аппараттың құрамы ұлғайтылып, мәслихат хатшысының өкімімен аппарат басшылығына білікті де, тәжірибелі басшы Токушев Маралбай Жансарбайұлы тағайындалды.

Бүгінде, көп жылдық тарихы бар мәслихат аппараты сол жылдардан қалыптасқан қағидамен, заң аясында халыққа, депутаттар корпусына қалтқысыз қызмет жасап келеді.

Көптеген жылдар бойы атқарушы және өкілді билік органдарында қызмет еткен, халқына қалаулы, еліне елеулі болған Мирхаят Оңғарқұлұлы бірнеше мемлекеттік марапаттармен марапатталған. Атап айтқанда «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 20 жыл», «Қазақстан Республикасы Парламентіне 10 жыл», «Қазақстан Республикасы мәслихаттарына 20 жыл», «Қазақстан Республикасы мәслихаттарына 30 жыл» медальдарының және "Қазақстан Республикасы Сенаты "Құрмет грамотасының"" иегері.

Бүгінде зейнеткерлік демалысқа шыққан Мирхаят ағамыз еңбек ардагері, жас ұрпақтың ақылшы-кеңесшісі, біздің ұлағатты ұстазымыз. Отбасында немерелерін халықтың, елдің азаматтары болуға тәрбилеп, ұштауда.

Аудандық мәслихат ұжымы Мирхаят Оңғарқұлұлындай әріптестері болғанын мақтан тұтады және абзал азаматты әркез құрметтейді.

**Абеуов Рашид Бегликович,**
**Ақтоғай аудандық маслихат төрағасы.**



# Жыр сезім




*Бөтейқызы Айнагүл 1968 жылы 8 қыркүйекте Баян-Өлгей аймағында дүниеге келген. 1974 жылы Бұлғын сұмын орта мектебінің табалдырығын аттап, Өлзийт орта мектебін бітірген. Ұлаанбатыр қаласында медколледжді тәмамдаған. 1991 жылы атамекенге, Қазақстанға қоныс аударған. Бүгіндері Қарағанды облысы Ақтоғай ауданында тұрады. Медицина саласында қызмет жасап жүр. Отбасылы, төрт баланың анасы, немерелерінің сүйікті әжесі. Жастайынан қаламды өзіне серік еткен Айнагүлдің өлеңдері оқушы кезінде-ақ газет, журналдарға шығып, жарық көріп тұрған. Біраз ақын-жазушылардан бата алып та үлгерген жан. Уақыт өте келе туған жерге келген соң да қасиетті қаламын өзінің жанына жалау еткен бұл нәзік жанның көзмоншақтай өрілген өлеңдерін әлеужеліден жиі көреміз. Қаламының қарымы бар.*

## Ақтоғай

Арыстардың бесігі болған Ақтоғай,
Алашымның есігі болған Ақтоғай
Туып өсті, талай талай арыстар
Жер – мекеннің дарасы болған
Ақтоғай.
Тоқырауын арғымақтай арқалы,
Аралайды тыным көрмей Арқаны,
Аққуменен аспандағы ән таласқан
Шарықтайды сал Әсеттің сазды әні.
Қызыларай көлбеп жатыр алыстан,
Шатырша тау айға атылған арыстан,
Қайнар бұлақ жас баладай құлдырап,
Ақтоғайдың көкірегінде жарысқан.
Хан тұрағы секілденген кесімі,
Ежелден ақ елге аян есімі,
Жер жәннәті болар болса Жетісу,
Ал Ақтоғай ұлылардың бесігі.

• • • • • • • • • • • • •

## *Семейім*

*Не көрмедің Семейім -ау! Семейім,*
*Үн шықпастан бітеліп тұр көмейім,*
*Өксікпен өкініштен аһ ұрып,*
*Қарлығаштай қанатпен су себейін.*
*Қайран Семей, қарт*
*Семейім қайсарым ай*
*Басындағы бағыңды шайқап ұдайы,*
*Сан жылғы аз болды ма,сынақ атом*
*Төксеңші жаңбырыңды жаппар*
*Құдай!.*
*Өрт шалып қарағайдың дінi қалды,*
*Өртенген ұя, иесіз інің қалды*
*Айырылып боздағынан он төрт*
*бірдей,*
*Жандары ұшып жәннатқа, күлі*
*қалды.*
*Қарт Семейім, қайғылы жабырқаулы*
*Жалын шарпып, өрт шалып орман*
*тауды*
*Жаратқан ием жасашы бір керемет,*
*Аһ ұрып барша қазақ алаңдаулы.*
*Мен сендермен біргемін Абайлықтар,*
*Сенде туған Шәкәрім, Абай, Мұхтар*
*Алаштың ұясы едің сен ежелден,*
*Деген еді сақтансаң, Құдай сақтар.*
*Сақта құдай құрбаның аз болмады,*
*Шығысымды түтін мен от шарлады,*
*Уа тәңірім! жерімді сақта өрттен*
*Орындашы халқымның бір арманын.*

## Күзгі гүл

Тұнжырап басын иіп қара жерге,
Теңселіп құлай жаздап самал желге,
Айырылып көз баураған ажарынан,
Секілденген сабағы қатты шөңге.

Әр таңнан үміт күтіп шуақ тілеп,
Секілді еді қып —қызыл бейне жүрек,
Қызғалдақ қырда өсетін еркіндікте,
Бақшада тұр тербеліп жадап жүдеп.

Қыз ғұмыры аяқтап күз келгенде,
Сүйеніп пана тұтып ащшы ерменге,
Жаздай жанды баураған алқызыл гүл,
Тұр мұңайып болғандай ол
шерменде..

## *Туған күніңмен құлыным*

(Сафияма)

Жан шуағым қызығым,
Еркетайым бұзығым,
Құлдыраң қаққан құлыным,
Ұзақ болсын ғұмырың.
Гүлім менің алтыным,
Күлімде күндей жарқыным,
Асқақтап сенің мерейің,
Сүйіктісі бол халқымның.
Мөлдірім менің шуағым,
Сылдырлаған бұлағым,
Аман жүрші немерем,
Жайқалған менің құрағым.
Құралайым, құлыным
Жасындай жүрші жарқылдай,
Өмірің болсын қызықты,
Еліктейін еркем ай.
Қамқоршым менің тірегім.
Сүйенішім білегім.
Ғұмырлы бол арлы бол.
Бар бақытты тіледім.

• • • • • • • • • • • • •

## Ауылым
(Бұлғыным)

Ауылым менің кіндік қаным
тамған жер,
Айдыны мөлдір көз тартар сұлу
асқақ бел,
Сағынып жүрмін барамын
бір күн әдейілеп,
Өмірге келіп тәй-тәй
басқан туған жер.
Асқар таудай ақ жаулықты аналар
Ақ күміс сақал ақылдың кені даналар
Жүрсемдағы өзіңнен алыс қиырда
Мен үшін алым жұмақпенен
пара-пар.
Көгінде қалқып мұз балағың
саңқылдап,
Көлдерінде аққу мен қазың
қаңқылдап,
Секілді менің ауылым өскен мекенім,
Жайқалған гүлі аумаған мүлде
иран бақ.

• • • • • • • • • • • • •

## *Туған күнің құтты болсын қызым Ботам*

Жаным балам Жан балам.
Әр күнің маған арнаған.
Менімен бірге қуанып.
Нұр шашып тұрсын айналаң.
Күніңмен туған құттықтап.
Жыр арнасын жан анаң.
Тағдырдан көрме жамандық.
Жолдасың болсын адалдық.
Тәңірім берсін ден саулық.
Әр қадамың болсын нық.
Бағым бол жаным мақтанар.
Қызығып жүрер басқалар.
Бақытты сендер болсаңдар.
Аналық сүтім ақталар.
Өмірде жолың ақ болсын.
Қыдыр дарып бақ қонсын.
Сабырлы бол ақылды.
Солар ғана жолдасың.
Аман болып от басың.
Тәңірім қолдап қорғасын.
Құттықтаймын құлыным.
Жаңадан келген бұл жасың.

• • • • • • • • • • • • •

## Алтайым

Туған жерім сағындым!
Уядай ыстық мен туған жерім,
Сағындым таулар, белес белдерін,
Қызылды жасыл жайқалған гүлдер,
Есіме салып әжемнің өрмегін.
Толқыны соғып жағаны қаққан,
Ерке бұлақтар сылдырап аққан,
Аңсадым сені беу туған жерім,
Бір хабар күтіп ауылым жақтан.
Айдын көлің айнадай, жерде
Көз саламын сонау бөктерге,
Сәлем айтсам жеткізерме екен,
Қалықтай ұшқан анау кептерге.
О туған жерім сағындым сені,
Бал дәурен шағым сенде өтіп еді,
Алқынып жүрек өзіңді аңсайды,
Сағынышымның сарқылмас кені
О Туған жерім сағындым сені!

• • • • • • • • • • • • •

## *Анама*

Аяулы анам, аппақ пейіл жан ізгім
Әлпештедің мәпеледің өсірдің,
Түн ұйқыңды бөліп мені тербеткен
Ана сізге мәңгілікке қарызбын.
Біздер үшін табаныңмен сыз бастың,
Бізді ойлап жүректіде сыздаттың,
Ұрпағыңның тілеп адам болуын,
Дұға қылып тәңірменен сырластың.
Қақпасын деп қанаттыдан қорғадың,
Өміріңді тек біздерге арнадың,
Әлпештеген адам болды ұрпағың
Ана сенің орындалып арманың.
Қарыздармын қырау түскен шашыңа,
Ақ жаулықты сенің ғазиз басыңа,
Оралтатын болса менде мүмкіндік,
Апарар ем мәңгі жастық жасыңа.
Анам менің аппақ ғана тілегім
Жаратқаннан саған ғұмыр тіледім,
Өзің барда әлі сәби сезініп,
Еркелеймін, шаттанамын күлемін.
Өміріме үлгі болған тәрбиең,
Ерініңнің табын сезем сен сүйген,
Бар әлемді құшағына сыйдырған,
Құдіретіңе ана сенің бас ием!.

• • • • • • • • • • • • •

## Кешірім

Мен сан ойдың жетегінде отырмын,
Топаспын ба, әлде мүмкін соқырмын,
Бірақ рет айтылатын жүректен,
Жалғыз ауыз сөз қадірін кетірдім.

Ар намыстың тұрар сөз еді алдында,
Арқалайтын көтермесін нардың да,
Ата-ана, батыр ханда қарада
Басын иер сол бір сөздің алдында.

Кетірмейік ұлы, сөздің киесін,
Ойлайсың да айтпай ішке түйесің,
"КЕШІР" деген бірақ ауыз сол сөздің
Қасиет күшін тарыққанда білерсің.

## Асқар тау әкеме

Талай өзен арнасынан асқанды,
Талай тұлпар көлденең белес
басқанды,
Асқар тауым естен мәңгі шықпайсың
Сағынғаннан екі көзден жас тамды.
Тия алмай көзден шыққан жасымды,
Сағынышым шоқтай болып басылды,
Қайран әке, қапияда көз жаздым
Сіздей енді таба алмаспын асылды
Кіретіндей сәл жымиып есіктен
Еркелеттің Әйкөшім деп бесіктен,
Жаның нәзік жұмсақ мейір лебізін
Әке сіздің ақылыңызды үлгі етем.
Ақылыңмен жүріп келем сүрінбей,
Өмір зулап өтіп жатыр білінбей,
Күзгі бақта қырау шалған гүлдей боп,
Сағынып бір отырмын мен дірілдей.

• • • • • • • • • • • • •

Сағыныш толы мезгіл
ғой мына күз дейтін,
Анама барам сағынып мені іздейтін,
Күн салып қарап, күн
сайын жолдың бойына
Келіп қалар деуменен күдер үзбейтін.
Анама барам аңсаумен аппақ жүрегім,
Мендағы ана сағынып сені жүдедім,
Арда күреңді сапарға алыс дайындап,
Анашым менің, өзіңе қарай жүремін.
Ақ жаулық таққан ақ
жүзің көзге елестеп,
Білесің мама жолдарда асу белес көп,
Өмірдің заңы жазылған мына маңдайға,
Бәрінде жеңемін өзіңе жетем жан ана.
Сағынып жүрмін
мейірім төккен жүзіңді,
Ұрпағыңмын ғой жалғайтын ана ізіңді
Құстай ұшам жетемін бір күн ұяма,
Жасқа шылап қуантып қара көзіңді.

• • • • • • • • • • • • •

## *Аққу ғұмыр*

*Тербелген көлдің шалқар айдынында,*
*Ақ кербез құс өзіңді қостым жырға,*
*Сұңқылдаған су бетінде ерке аққуды,*
*Ақ толқын құшаққа алып тербетуде.*

*Аққу ғұмыр айдыннан алыс кетпес,*
*Аққусыз махаббаты елестетпес,*
*Символы пәк сезіммен, адалдықтың*
*Сендер барда махаббат мәңгі өшпес.*

*Айдыннан ұшса тамшылап*
*меруерт тамшы,*
*Сұңқылда аққу тағыда сұңқылдашы,*
*Айдың көл, көк аспанның арасында*
*Қанатыңмен қалқаның атын жазшы.*

*Аққу ғұмыр адамның өміріндей,*
*Құлпырған жүректегі сезім гүлдей,*
*Айқасып қос қанатың биле аққу,*
*Қалқаның абадағы суретіндей.*



* Руханият

# *Ақынмен кездесу өтті*



*Шашубай кенті Мәдениет үйінде ақын Ақтоғай ауданының тумасы, танымал журналист, ақын, ҚР Журналистер Одағының мүшесі, облыс әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының иегері, аймақтық «Айлапат» журналы редакторының орынбасары, «Балқаш өңірі» газеті редакторының міндетін атқарушы, облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің Балқаш, Приозерск қалалары бойынша меншікті тілшісі Нұрдос Кәрім Маратұлымен шығармашылық кездесу болып өтті.*

*Кеште Нұрдос Кәрімнің өмір жолына шолу жасалып, кездесуге келгендер дөңгелек стол басында еркін әңгімелесіп, сұрақтар қойды. Өлеңдер оқылып, поэзия кешінен қатысушылар рухани сусындады. Оқырмандардың көкейтесті сұрақтарына жауап алынды. Кездесу сағатының мақсаты Нұрдос Маратұлының жастарға тәлім тәрбие беретін үлгі аға ретінде шығармашылығымен таныстыру және елі мен жеріне деген сүйіспеншілдігін арттыру мақсатында ақынның өз аузынан өлеңдері оқылды. Ауылдың алты аузы деп «Екі жирен» әнімен Әуелбеков қоңыр дауысымен әнін құйқылжата орындап, шақырылған қонағымыз ақынымызға жергілікті ұстаз танымал күйші Ермембетов Мейрам ағамыз «Әке арманы» күйін шертіп, көрермен ұйып тыңдап, рухани азық алды. Біздің кейіпкеріміз Нұрдос Кәрімнің өлеңдері бірнеше кітап жинақтарына енген. Ең алғаш рет оның студент кезінде 2008 жылы «Ақтоғайдан-Алашқа» атты аудандық газеттің тарихына шолу жасалынған кітабы шыққан. Аудандық, қалалық, облыстық жыр мүшәйраларының жеңімпазы. 2016 жылы «Қамшы» кітабы жарық көрсе, «Жыр маржаны» атты он томдық қазақ поэзиясының антологиясына өлеңдері топтастырылған. «Өмірге келер әлі талай Қасым», «Аймақтық ақындар антологиясы», «Бұқар жырауға тағзым» кітаптарына өлең топтамалары енген. Кездесу сағатына келген оқырмандарымыз ақынға ризашылығын білдіріп, мәдениет үйінің қызметкерлері жас ақынға иығына ұлттық нақышындағы шапан жауып, ақынның бейнесімен салынған стол күнтізбесін сыйға тартты.*




***Б.Ербекеева***
***Шашубай кенті мәдениет үйінің меңгерушісі.***

## Хабарландыру

«Сары алтын майнинг» ЖШС Қарағанды облысы Ақтоғай ауданындағы L-43-46-(10а-5б-25, L-43-46-(10б-5а-21,22), L-43-46-(10б-5в-1,2,3,4,9,10), L-43-46-(10б-5г-6) блоктарының контурында (Яшмовый учаскесі) қатты пайдалы қазбаларды барлау операцияларын жүргізу жоспарына арналған экологиялық рұқсат алу материалдары (ҚОҚБ, РШН, ӨЭБ, ҚББ, ҚОҚЖ) бойынша мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу үшін ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулардың басталғаны туралы хабарлайды. Тыңдаулар 2024-2029 жылдарға жоспарланған (лицензия №2707-EL, берілген күні 2024 жылғы 13 маусым).

Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы,

1) Орта Дересін ауылы. Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 46°45′03″ с.е. 75°23′10″ ш.б.

2) Ақжайдақ ауылы (46°49′54″ с.е. 75°56′09″ ш.б.)

Участоктың географиялық координаттары: 1) 46º56′00″ с.е., 76º39′00″ ш.б.; 2) 46º56'00" с.е., 76º42′00″ ш.б.; 3) 46º55'00" с.е., 76º42′00″ ш.б.; 4) 46º55′00″ с.е., 76º44′00″ ш.б.; 5) 46º54′00″ с.е., 76º44′00″ ш.б.; 6) 46º54'00" с.е., 76º46′00″ ш.б.; 7) 46º53'00" с.е., 76º46′00″ ш.б.; 8) 46º53′00″ с.е., 76º43′00″ ш.б.; 9) 46º54′00″ с.е., 76º43′00″ ш.б.; 10) 46º54'00" с.е., 76º40′00″ ш.б.; 11) 46º55'00" с.е., 76º40′00″ ш.б.; 12) 46º55′00″ с.е., 76º39′00″ ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар: 2025 жылғы 20 ақпанда сағат 11:00-де Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Орта Дересін ауылы, О.Жәутіков көшесі, 20-үй мекенжайы бойынша (Әкімдік ғимараты) өтеді. Ақжайдақ ауылының тұрғындары үшін тыңдауларға қатысқысы келетіндерге көлік ұйымдастырылады.

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме: https://us06web.zoom.us/j/3467453931?pwd=OWFnOGVpQjFMTmE0TDVtRlFcXlZdz09&omn=88234327567, Конференция идентификаторы: 346 745 3931. Құпия сөз: YGC0Ki

Тапсырыс берушінің реквизиттері: «Сары алтын майнинг» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Жандарбеков көшесі, 222-үй, 24-пәтер, тел. +7 (701) 722-33-48, БСН 240140036697, Директор – Калугин О.А., e-mail: okalugin@gmail.com.

Әзірлеуші мәліметтері: ЖК "Экопроект 2017", Қарағанды қ., Қазыбек би ауданы, көш. Амангелді, 79. өкілі: Обжорина Т.Н., Байланыс телефондары: тел.8 (776) 526-31-31, электрондық поштасы: tanya_ob80@mail.ru.

Қоғамдық тыңдаулардың материалдарымен https://ecoportal.kz сайтында «Жарияланған тыңдаулар» бөлімінде және https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Жобалық материалдар бойынша қосымша ақпаратты 8 (776) 526-31-31 телефондары арқылы сұрауға болады, e-mail: tanya_ob80@mail.ru.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың мекенжайы бойынша қабылданады: «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Қарағанды облысы, Қарағанды қ., көш. Лобода, 20. Телефон: 8 (7212) 56-81-66, e-mail: expertiza.upr_krg@mail.ru.

## Объявление

